

**Жалпы рецептура** – дәрілердің рецепте жазылу ережелері мен дайындалу және қабылдау тәсілдерін оқытатын дәрі тану ғылымының бір бөлімі.

**Дәрілік түр** – қажетті емдеу немесе алдын алу үшін дәріні қолдануға ыңғайлы етіп беретін түрді айтады. Консистенциясына қарай:


- Қатты
- Жұмсақ
- Сұйық



**Дәрі-дәрмек** – фармакологиялық комитеттің рұқсатымен әртүрлі аурулар мен патологиялық жағдайларды емдеу және алдын алу үшін қолданылатын бір немесе бірнеше дәрілік заттардың қоспасы.

**Дәрілік зат** – дәрі-дәрмек ретінде қолданылатын жекелеген химиялық қосылыс.

**Дәрілік шикізат** -өсімдіктерден, жануарлардан, микробтардан немесе минералдардан алынған дәрілік зат.



**Мемлекеттік фармакопея** - заңды күші бар, дәрілердің қауіпсіздігі мен сапасы жөніндегі стандарттар мен ережелердің арнайы жиынтығы (**МФ**). Қазіргі фармакопеяның басылымдары МФ X және МФ XI (1 және 2 том). Қазақстанның алғаш МФ-сы 2009 жылы шықты. Фармакопеяда дәрілік заттар мен препараттардың физикалық және химиялық қасиеттері, өзі екендігін анықтайтын физико-химиялық, химиялық, фармакологиялық және биологиялық әдістер, ересектер мен балалар үшін улы (**«А» тізімі**) және күшті (**«Б» тізімі**) әсер ететін дәрілік заттардың жоғары реттік және тәуліктік мөлшері көрсетілген кестесі берілген. Сонымен қатар дәрілік заттарды сандық анықтау әдістері, алкоholeметриялық кестелер, тамшылардың және т.б. кестелері, сондай-ақ дәрілік заттардың сақталу мерзімі мен босатылуы, дәрілік түрлердің дайындау әдістері, биологиялық стандарттар көрсетілген. Дәрілік заттардың номенклатурасы өзгеруіне байланысты, фармакопея басылымдары жаңарып отырады. **«А»-тізімге** уыттылығы жоғары, белгіленуі, қолдану тәсілі, дозалануы, сақталуы **ерекше сақтықпен** қадағаланатын дәрілер кіреді. Сонымен қатар бұл тізімге нашақорлық тудыратын дәрілер жатады. **«Б»-тізімге** жататын дәрілерді қолдану, белгілеу, дозалау тәсілі сақтықпен қадағаланады, өйткені дәрігердің бақылауынсыз қолданған жағдайда, әртүрлі жағымсыз әсерлер туғызып, дертті асқындыруы мүмкін. Дәріханалар мен ауруханаларда «А» және «Б» тізіміндегі дәрілердің сақталуы мен босатылуы ДСМ бекіткен арнайы нұсқауы бойынша жүргізіледі. Бұл дәрілер басқа дәрілерден айырмашылығы бөлек сейфте немесе арнайы шкафта сақталып, есігінің ішкі бетіне «А» (улар-Venena), «Б» (күшті әсер ететін- Heroica) деп көрсетіледі.

## Рецепт. Рецепттің жазылу және босатылу ережелері

**Рецепт** – дәрігердің, фельдшердің немесе акушердің дәрінің бір реттік мөлшері мен саны, оны қолдану тәсілі көрсетілген, арнайы дәрілік қалыпта дәрі-дәрмекті босату туралы дәріханаға (провизорға, фармацевтке) жазған жазбаша сұранысы. Рецепттің медициналық, заңды және қаржылық (тегін немесе жеңілдікпен босату үшін) мәні бар.

**Рецепт жазу және босату** ҚР Үкіметінің №1693 Қаулысына (30.12.2011), №396 (30.03.2012ж) Қаулысы бойынша жүргізіледі.

1. Денсаулық сақтау ұйымдарындағы медициналық қызметкерлер рецептті осы Ереженің 1-ші қосымшасындағы үлгі бойынша бланкта көрсетілген медициналық көрсеткіштеріне сәйкес жазады.

Рецепті рецепт жазған медициналық қызметкердің қолы және жеке мөрімен куәландырады.

2. Кейбір категориядағы науқастарға дәрі-дәрмектерді тегін немесе жеңілдікпен босату үшін рецепт бланкте Ереженің 2-ші қосымшадағы үлгісіне сәйкес жазылады. Дәрі-дәрмектерді тегін немесе жеңілдікпен босату үшін қосымша сол емдеу мекемесінің бас дәрігерінің қолы мен жеке мөрімен куәландырылады. Фельдшер-акушерлік бекет (ФАБ) дәрі-дәрмектерді тегін немесе жеңілдікпен босату үшін сол фельдшер – акушерлік бекет меңгерушісінің қолы мен мөрі қойылады



16. Жергілікті денсаулық сақтау мемлекеттік басқармасымен келісім-шарты бар дәріханалық ұйымдар дәрілерді рецепт бойынша тегін немесе жеңілдікпен босатуға құқылы.

17. Дәрі-дәрмектерді рецепте көрсетілген мөлшерде босату үшін, дәріханада дәрі-дәрмек қорапшаларының бірігейлігін бұзуға рұқсат етіледі. Дәріханалық қорапшада босатып, онда дәріхана ұйымының атауы, дәрінің саны, мөлшері, сериясы мен жарамды мерзімі көрсетіледі.

18. ҚР Денсаулық сақтау ұйымдарында дәрі-дәрмектерге жазылған рецепт республиканың аумағында ғана жарамды, ал тегін немесе жеңілдікпен босатылатын дәрі-дәрмектерге жазылған рецепт республиканың әкімшілік-аймақтық бірлігі шегінде ғана жарамды.

19. Дәрілік затқа жазылған рецептін жарамды мерзімдері:

1) тегін немесе жеңілдікпен босатылатын – 3 жыл

2) қалғандары – 2 ай

20. Рецептін жарамды мерзімі өткеннен соң, жарамсыз деп саналады.

21. Рецепттерді жою үшін құрамына ұйым жетекшісі мен дәріхананың материалдық жауапты қызметкерінен тұратын арнайы комиссия құрылады. Комиссия рецепттерді жою туралы акт жазылып, онда жойылған рецепттердің саны сөзбен көрсетіледі.



3. ҚР рұқсат етілмеген және тіркелмеген дәрі-дәрмектерге рецепт жазылмайды.
4. Рецептте науқастың жасы мен дәрілік заттың құрамына кіретін ингредиенттердің әсер ету сипаты ескеріледі.
5. Тегін және жеңілдікпен босатылатын дәрі-дәрмектерге жазылатын рецепттің мазмұны мен нөмірі науқастың амбулаториялық картасына жазылады. Ереженің 3-ші қосымшасына сәйкес рецепт бланкілерін арнайы есепке алу кітабына тіркейді.
6. Рецепт түсінікті, анық, барлық бағандары міндетті түрде толық толтырылып, латын тілінде жазылады. Рецептті түзетуге рұқсат етілмейді.
7. Ереженің 4-ші қосымшасына сәйкес рецептте негізгі қысқартуларды қолданып жазуға рұқсат етіледі.
8. Дәрілік заттың қолдану тәсілі, оны қабылдау жиілігі, мөлшері мен ұзақтығы мемлекеттік немесе ұлтаралық қатынас тілінде жазылады. Жалпы көрсеткішпен («Белгіле», «ішке», «Сыртқа») жазуға болмайды.
9. Бір рецептуралық бланкіде бір ғана дәрі жазылады.
10. Денсаулық сақтау ұйымдарында стационарлық көмек (ингаляциялық наркозға арналған дәрілерге, миорелаксанттарға және т.б.) беруде қолданылатын дәрі-дәрмекке рецепт жазуға рұқсат етілмейді.
12. Рецепттің жарамды
13. Ұзақ уақыт емделуді қажет ететін науқастарға тегін немесе жеңілдікпен босатылатын дәрілік заттарға рецепттің жарамды мерзімі 1 айға дейін. Рецепт бланкасында «Арнайы тағайындалуы үшін» деген штамп қойылады мерзімі жеті күнге дейін.
14. Жоғарыда көрсетілген талаптар орындалмаған жағдайда немесе құрамында сиымсыз компоненттері бар дәрілерге жазылған рецепт жарамсыз деп есептелінеді.
15. Жарамсыз рецептерге «Рецепт жарамсыз» деген штамп басылып, ереженің 5-ші қосымшасына сәйкес дұрыс жазылмаған рецептерді тіркейтін арнайы журналға тіркеледі.

## Рецептің құрылысы.

ЕАМ штампы,

Балаға немесе ересекке

Рецепте рецептін жазылған күні (күні, айы, жылы);

науқастың тегі, аты-жөні;

дәрігердің тегі, аты-жөні көрсетіледі.

Рецепте дәрігердің фармацевтке жазған үндеуі латын тілінде **Recipe: (Rp.:)**, яғни «**Ал**»: сөзімен басталып, **дәрілік түрдің атауы, дәрілік заттың атауы** мен оның мөлшері ілік септігінің жекеше түрінде (кейде табыс септігінде) жазылады.

Егер науқастың жағдайы ауыр болса және тез арада дәрілік көмек көрсету қажет болса, онда дәрігер рецептін жоғарғы оң бұрышына «**Cito!**», «**Statim!**», «**Citissime!**» (тез!, өте тез!, жылдам!) белгісін қояды. Мұндай рецепттер бойынша дәрі-дәрмектер тез дайындалып, кезектен тыс босатылады.

**Жазылымның қысқартылған және толық түрі бар.** Жазылымның қысқартылған түрінде рецептте бірінші **дәрілік түрдің атауы** (Solutionis... Ерітіндісінің...; Suspensionis... Суспензияның; Unguenti... Жағылманың ... с.с.), **дәрілік заттың атауы, концентрациясы** мен **мөлшері** көрсетіледі. Ал жазылымның **толық түрінде** дәрілік препараттың құрамына кіретін дәрілік заттың **барлық ингредиенттердің атауы** мен **мөлшері** көрсетіледі. Қазіргі таңда дәрігерлер фармацевтикалық өндірістерде өндірілетін дайын дәрі-дәрмектерге рецепт **официнальды** жазылымның қысқартылған түрінде жазады. Ал дәрігердің нұсқауы бойынша дайындалған дәрілерге рецепт **магистральды** жазылымда жазылады.



Дәрілік заттардың **мөлшері** ондық өлшеу жүйесіндегі цифрлармен грамда көрсетіледі:

**1,0 – 1 грамм немесе 1000 мг**

**0,1 – 1 дециграмм немесе 100 мг**

**0,01 – 1 сантиграмм немесе 10 мг**

**0,001 – 1 милиграмм**

**0,0001 – 1 дицимиллиграмм немесе 0,1 мг**

**0,00001 – 1 сантимиллиграмм немесе 0,01 мг**

**0,000001 – 1 микрограмм немесе 0,001 мг**

Сұйық дәрілік заттар миллилитрде, грамда немесе тамшыда көрсетіледі.

Тамшыларды рим санымен (gtts.) мысалы gtts.V (бес тамшы) деп белгіленеді. Әсер бірлікпен мөлшерленетін дәрілік заттардың көлемі (мөлшерін) ӘБ деп белгіленеді.

Егер рецепте негіздің мөлшері көрсетілмесе, онда **қажетті мөлшерге дейін** (quantum satis) деп жазылады, яғни индифферентті (қосымша) заттарды қажетті мөлшерге дейін қосыңыз дегенді білдіреді.

Егер дәрілік заттардың мөлшері бірдей болса, онда санын бір рет **бірдей** (āā) етіп алыңыз деп көрсетеді.

Соңынан D.S. (Босат. Белгіле.) сөзімен латын бөлімі аяқталып, сигнатурасы мемлекеттік немесе ұлтаралық қатынас тілінде (науқастың түсінікті тілінде) жазылады: 1) мөлшерін (1 ұнтақтан, 1 таблеткадан, 1 ас қасықтан, 20 тамшыдан және т.с.с.) 2) дәрі-дәрмектерді қабылдау уақытын (күніне неше рет, тамақтан бұрын, тамақтан соң, тамақ үстінде, түнде және т.с.с.), 3) препараттың қабылдау тәсілі (күре тамырға, тері астына баяулатып және т.с.с.) науқасқа рецепті бермес бұрын дәрігердің қолы мен мөрі қойылуы тиіс.

**Наркотикалық, психотропты дәрі-дәрмектерге рецепт** ҚР Үкіметінің №396 (30.03.2012ж) Қаулысына сәйкес жазылады. Наркотикалық дәрілерге рецепт амбулаториялық науқастарға емдеу мекемесінің штампы қойылған ҚР ДСМ департаменті бекіткен **арнайы рецептуралық бланкта** жазылуы тиіс. Наркотикалық дәрілерге рецепті дәрігер өз қолымен жазып, қолын қойып, жеке мөрімен куәландыруы тиіс. Сонымен қатар рецептегі дәріні тағайындауға, жауапты мекемесінің бас дәрігері немесе оның орынбасары қол қойып, емдеу мекемесінің дөңгелек мөрімен куәландырылады. Улы және наркотикалық дәрілерге арнайы қызғылт бланкте науқастың ауру тарихының диагнозы, нөмірі мен аурудың мекен-жайы көрсетіледі.

Құрамына «А» тізімінің улы дәрі-дәрмектері, кодеин, кодеин фосфат, этилморфин гидрохлориді, басқа дәрілік препараттар қоспасымен этаминал-натрий; клофелин таблетка түрінде, ұйықтататын дәрі-дәрмектер, психозға қарсы (нейролептиктер), антидепрессанттар, стероидты гормондар, транквилизаторлар, астматин және астматол, құрамында 8-оксихинолин туындылары бар препараттар, заманиха тұндырмасы кіретін дәрі-дәрмектер **арнайы рецептуралық бланкіде** жазылып, емдеу-сауықтыру мекемесінің «Рецептер үшін» деген мөрімен, штампымен, дәрігердің жеке қолы және мөрімен куәландырылады. Рецепттің бұл соңғы бөлімінің заңдық мәні бар. Дәрігер рецептке қол қоя отырып, берілген дәрілік препараттың науқасқа дұрыс белгіленгендігіне жауапты болады. Егер рецепте дәрілік заттың мөлшері МФ-да көрсетілген мөлшерден артық жазылса, улы және күшті әсер ететін дәрілік заттар дәріханадан жарты мөлшерде босатылады. Құрамында улы, наркотикалық дәрілік заттары, этанолы бар экстемпоральды дайындалған дәрілік түрлерді босатқан кезде, рецепт орнына науқасқа сары сызығы бар «Сигнатура» (рецепт көшірмесі) беріледі. Наркотикалық заттарға рецепт жазылған күннен бастап 7 күнге дейін жарамды.

Этилморфин гидрохлоридінің көз тамшылары мен жағылмаларына, дәрігердің «Арнайы тағайындауы бойынша» нұсқауы болғанда, 1г-ға дейінгі мөлшерде жазылуы мүмкін.

Инкурабельді онкологиялық ауруларды емдеу үшін бір рецепте наркотикалық және ұйықтататын дәрілік заттардың мөлшері 2 есе артық жазылуы мүмкін.

Барлық **дұрыс жазылмаған рецепттер** дәріханада қалып, «Рецепт жарамсыз» деген штампымен күші жойылады, арнайы журналға тіркеліп, ол туралы ақпарат тиісті емдеу-сауықтыру ұйымының басшысына 3 күн аралығында хабарлануы тиіс. Құрамында улы және наркотикалық дәрілік заттары бар дәрі-дәрмектерді, сондай-ақ этил спиртін дәріханадан алуға емдеу-сауықтыру ұйымдарының **талабы** латын тілінде жазылады.

Емдеу-сауықтыру ұйымдарының улы және наркотикалық дәрі-дәрмектерге, этил спиртіне талаптары ұйым басшысының немесе оның емдеу бөлімі бойынша орынбасарының қолы мен мөрі, штампы бар бөлек бланкіге жазылуы тиіс. Тапсырыста бөлменің немесе бөлімнің атауы, спирттің концентрациясы (егу үшін, сыртқа қолдану үшін, ішке пайдалану үшін, көз тамшылары және т.б.) міндетті түрде көрсетілуі тиіс.





**Тіс дәрігерлері** стоматологиялық бөлмеде қолданылатын, тек қана төменде көрсетілген улы және күшті әсер ететін заттарға өзі қол қойып, талаптар жаза алады (оларды емделушінің қолына беруге құқығы жоқ);

- адреналиннің 0,1% ерітіндісі (ампулада, түп нұсқауы бар орамда);
- амилнитрат (ампулада);
- йодоформ (ұнтақ, паста, эмульсия түрінде);
- кокаин (паста түрінде);
- мышьяқты ангидридi (құрамы 50% дейін паста түрінде);
- новокаин (таза түрінде, құрамы 4% дейін ерітінді түрінде, ампулада);
- күміс нитраты (кристалл және ерітінді түрінде);
- үш хлорлы сірке қышқылы (таза түрінде)
- фенол (таза және басқа заттармен қоспа түрінде);
- хлороформ (ампулада);
- хлорэтил (ампулада);
- диэтилді эфир (таза түрінде);

Кокаинге (паста түрінде), мышьяқты **ангидридке** (құрамы 50% дейін паста түрінде) және күміс нитратына (кристалл және ерітінді түрінде) тапсырыстар тіс дәрігерінен басқа мекеме (бөлім) басшысының немесе оның орынбасарының қолымен куәландырылуы қажет.



## Рецептураға қатысты қысқа грамматикалық ескертулер

Латын тілінде 5 септеу бар

I және II септеуге көптеген дәрілік заттардың атауы жатады. III септеу сирек, ал IV мен V септеу аз пайдаланылады.

I септеуге атау септігінің жекеше түрінде «**a**», ал ілік септігінің жекеше түрінде «**ae**» жалғауымен аяқталатын (Tinctura, Pilula, Belladonna, Aqua) (f) зат есімдер жатады.

II – септеуге атау септігінің жекеше түрінде «**us**», «**er**», «**um**», ал ілік септігінің жекеше түрінде «**i**» жалғауымен аяқталатын (m,n) зат есімдер жатады. (Hyoscyamus, Numerus), (Oleum, Acidum, Linimentum, Infusum, Opium).

III-септеуге атау септігінің жекеше түрінде жалғауы **әртүрлі**, ал ілік септігінің жекеше түрінде «**is**» жалғауымен аяқталатын зат есімдер жатады. Мысалы: Carbo, onis (m); Solutio, onis (f); “os” – Flos, oris (m); “or”-Liquor, oris (m); “is” – Dosis, is (f); Pulfis, eris (m); Adonis, idis (m); “x” –Radix, icis (f); Cortex, icis (m); “n” –Alumen, inis (n); Semen, inis (n); “ur” –Sulfur, s (n).

IV-септеуіне атау септігінің жекеше түрінде «**us**», «**u**», ал ілік септігінің жекеше түрінде «**us**» жалғауымен аяқталатын зат есімдер жатады.

V- септеуге атау септігінің жекеше түрінде «**es**» ал ілік септігінің жекеше түрінде «**ei**» жалғауымен аяқталатын зат есімдер жатады.

**Ескерту: m-genus masculinum (ер тегі); f-genus femininum (әйел тегі); n-genus neutrum (орта тегі).**



# Латын септеуінің септік жалғаулары

Септіктер	Септеулер				
	I	II	III	IV	V
<b>NOMERUS SINGULARIS</b> (жекеше түрінде)					
	f.	m.n.	m.f.n.	m.n.	f.
Nom. (атау септігі) Кім? Не?	-a	-us; -er; -um	әртүрлі жалғаулар	-us, -u	-es
Gen. (ілік септігі) кімнің? ненің?	-ae	-i	-is	-us	-ei
Dat. (барыс септігі) кімге? неге?	-ae	-o	-i	-ui, -u	-ei
Acc. (табыс септігі) кімді? нені?	-am	-um	-em (im)-m, f, n=Nom	um, -u	-em
Abl. (жатыс септігі) кімде? неде?	-a	-o	e (i)	-u, -u	-e
<b>NUMERUS PLURALIS</b> (көпше түрінде)					
Nom.	-ae	-i, -a	-es, -a (ia)	-us, -ua	-es
Gen.	arum	orum	-um (ium)	uum	erum
Dat.	-is	-is	-ibus	ibus	ebus
Acc.	-as	-os, -a	-es, -a (ia)	-us, -ua	-es
Abl.	-is	-is	-ibus	ibus	ebus

# ДӘРІЛІК ТҮРЛЕРДІҢ ЖАЗЫЛУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

## 1. Қатты дәрілік түрлер

Қатты дәрілік түрлерге: **таблеткалар, драже, ұнтақтар, гранулалар, капсулалар, пилюлдер** жатады.

### Таблеткалар – *Tabuletta*

(Таблетка-*Nom.sing.Tabuletta*,

*Acc.sing.Tabulettam*,

*Acc.pl.Tabulettas*,

*Abl.pl. in tabulettis*)

**Таблеткалар** деп дәрілік зат пен қосымша заттарды нығыздау тәсілімен алынатын, ішке қолданылатын мөлшерге бөлінген қатты дәрілік түр. Олардың кейбір түрлерін сыртқа (алдын ала еріткеннен кейін) қолданады. Таблеткалар ыңғайлы дәрілік түр болып табылады: олар ұзақ мерзім сақталып, препараттардың жағымсыз дәмін жасыратын портативті қасиеті бар. Таблеткаларды фармацевтикалық өндірістерде арнайы машиналардың көмегімен дайындайды. Қосымша зат ретінде қант, крахмал, натрий гидрокарбонаты, натрий хлориді, какао, желатин ерітіндісі, су, спирт және т.б. қолданылады. Ұзақ мерзім сақталған таблеткаларды қабылдау алдында олардың ыдырағыштығын тексеру қажет.

Таблеткалардағы дәрілік заттарға рецепт жазғанда жазылымның екі түрін қолдануға болады. Кеңірек таралған түрінде

**дәрілік заттың аты және оның бір реттік мөлшері** көрсетіліп,

тағайындалатын **таблеткалардың саны** жазылады, **D.t.d. N...in tabulettis**. (Осындай мөлшерде таблеткаларды ... номерімен босат) және сигнатурасы көрсетіледі.



## Рецепт үлгісі

0,00025 дигоксиннің (**Digoxinum**) 12 таблеткасына рецепт жазыңыз.

Күніне 1 таблеткадан 2 рет белгілеу үшін.

### 1-ші нұсқа

Rp.:	Digoxini 0,00025 D.t.d. N.12 in tabulettis S. 1 таблеткадан күніне 2 рет
------	--



Жазылымның екінші нұсқасында **дәрілік түрдің атауы** табыс септігінің жекеше түрінде (Tabulettam Acc.sing.) сөзімен басталып, **дәрілік заттың аты** және оның бір реттік **мөлшері** жазылады.

Таблеткалардың саны – **D.t.d.N...** (Осындай мөлшерлерді ... номерімен бер) және **сигнатурасы** көрсетіледі.

### 2-ші нұсқа

Rp.:	Tabulettam Dixoxini 0,00025 D.t.d. N.12 S. 1 таблеткадан күніне 2 рет
------	---

### немесе

Rp.: Tab.Digoxini 0,00025 N.12

D.S. 1 таблеткадан күніне 2 рет

Құрамында 2 немесе одан да көп дәрілік заттары бар таблеткаларға жоғарыдағы көрсетілген нұсқауларды қолдану бойынша рецепт жазылады.

## Рецепт үлгісі

Мөлшері 0,25 амидопирин (**Amidopyrinum**) және бутадиионнан (**Butadionum**) тұратын 20 таблеткаға жазыңыз. Күніне 1 таблеткадан 3 рет қабылдау үшін.

Rp.:	Amidopyrini Butadioni āā 0,25 Da tales doses N.20 in tabulettis Signa. Күніне 1 таблеткадан 3 рет қабылдау үшін.
------	---



Құрамына бірнеше дәрілік заттар кіретін кейбір таблеткалар арнайы **коммерциялық атаумен шығарылады**. Мысалы: «**Аэрон**» таблеткалары, «**Пенталгин**» таблеткалары (**Tabulettae “Aeronum”**, **Tabulettae “Pentalginum”**). Бұл таблеткаларға рецепт жазғанда, алдымен **дәрілік түрдің атауы** табыс септігінің көпше түрінде (Tabulettas Acc. pl.), **таблеткалардың аты** атау септігінде жазылып, олардың **саны** көрсетіледі.

### Рецепт үлгісі

«НикOVERиннің» (**“Nicoverinum”**) 20 таблеткасына рецепт жазыңыз.  
1 таблеткадан күніне 2 рет белгілеңіз

Rp.:	Tabulettas “Nicoverinum” N.20 D.S. 1 таблеткадан күніне 2 рет
------	--



### Драже – Dragee

#### (Драже- Acc.sing.Dragee)

**Драже** –дәрілік және қосымша заттарды қант түйіршіктерінде бірнеше қайталап қабаттау жолымен алынатын, ішке қолдануға арналған мөлшерленген қатты дәрілік түр. Дражені өндірістік әдіспен дайындайды. Қосымша заттар ретінде қант, крахмал, бидай ұны, какао, шоколад, тағамдық, лактар, бояғыштар және т.б. қолданылады. Драже массасы 1,0-нан артық болмауы қажет.

Дражелерге рецепт тек бір түрде жазылады. Жазылымда

**дәрілік түрдің атауы** табыс септігінің жекеше түрінде жазылып (**Dragee – Acc.sing.**), содан кейін **дәрілік заттың аты** мен оның **бір реттік мөлшері**, драженің **саны (D.t.d. N...)** мен **сигнатурасы** көрсетіледі.

### Рецепт үлгісі

0,05 диазолиннің (**Diazolinum**) 20 дражесіне жазыңыз. 1 дражеден күніне 2 рет белгілеңіз.

Rp.:	Dragee Diazolini 0,05 D.t.d. N.20 S. 1дражеден күніне 2 рет
------	---



## Ұнтақтар –Pulferes

(Ұнтақ - Nom.sing. Pulvis, Gen.sing.Pulveris)

Ұнтақтар-сусымалы қасиеті бар, ішке және сыртқа қолдануға арналған қатты дәрілік түр. Ұнтақтар бірнеше түрге бөлінеді.

- 1) жай ұнтақтар (бір ғана заттан тұратын) –pulveres simplices;
- 2) күрделі ұнтақтар (2 немесе одан көп ингредиенттерден тұратын)-pulveres composite;
- 3) мөлшерлерге бөлінген ұнтақтар –pulveres divisi;
- 4) мөлшерлерге бөлінбеген ұнтақтар –pulveres indivisi.

Сыртқа қолданылатын ұнтақтар мөлшерге бөлінбеген түрінде жазылады. Оларды өте майда ұнтақтар түрінде (pulveres subtilissimi) жарақаттарға және шырышты қабатқа себу үшін қолданады. Бұл ұнтақтар 5,0-нан 100,0-ға дейінгі мөлшерде жазылады және рецепте дәрілік **препараттың аты, жалпы мөлшері, майдалану дәрежесі** көрсетіледі.

### Рецепт үлгісі

#### Мөлшерлерге бөлінбеген жай ұнтақтың жазылуы:

1.Стрептоцидтің (**Streptocidum**) 20,0 өте ұсақ ұнтағына рецепт жазыңыз. Жарақатқа себу үшін.

Rp.:	Streptocidi subtilissimi 20,0 D.S. Жарақатқа себу үшін.
------	--



#### Мөлшерге бөлінбеген күрделі ұнтақтың жазылуы:

2. Құрамында 125000 ӘБ бензилпенициллин натрий тұзы (**Benzylpenicillinum-natrium**) мен 5,0 этазолы (**Aethazolum**) бар өте майда ұнтағына жазыңыз. Мұрынға үрлеу үшін белгілеңіз.

Rp.:	Benzylpenicillini – natrii 125000 ӘБ Aethazoli 5,0 M.f.pulvis subtilissimi D.S. Мұрынға рлеу үшін
------	---

## Рецепт үлгісі

30,0 магний тотығына (**Magnesi oxydum**) жазыңыз. Бір шай қасықтан күніне 2 рет белгілеңіз.



Rp.:	Magnesii oxydi 30,0 D.S. Бір шай қасықтан күніне 2 рет
------	---

Көбінесе ішуге арналған ұнтақтарды мөлшерге бөліп жазады. Рецептте **дәрілік заттың мөлшері** көрсетіледі. Содан соң фармацевтке **ұнтақ санын D.t.d. N...** (**Da tales doses numero...**-Осындай мөлшерде босатылсын...) көрсетеді.

Өсімдіктерден алынатын ұнтақтардың (жапырағынан, тамырынан және өсімдіктің басқа да бөліктерінен) салмағы 0,05-нан кем болса, индифферентті заттар қосылады. Өсімдіктерден алынатын ұнтақтардың жазылымы **Pulveris** (ұнтақтан) сөзімен басталып, одан соң **өсімдіктің бөлігі**, оның **атауы** (мысалы, Pulveris radicis Rhei) мен **мөлшері** көрсетіледі.

## Рецепт үлгісі

### Мөлшерге бөлінген жай ұнтақтың жазылуы:

1. 0,6 панкреатиннің (**Pancreatinum**) 24 ұнтағына жазыңыз. 1 ұнтақтан күніне 3 рет тамақтан бұрын.

Rp.:	Pancretini 0,6 D.t.d. N. 24 S. 1 ұнтақ күніне 3 рет тамақтан бұрын.
------	---



### Мөлшерге бөлінген күрделі ұнтақтың жазылымы:

2. Құрамында 0,02 папаверин гидрохлориді (**Papaverini hydrochloridum**) мен 0,01 фенобарбиталы (**Phenobarbitalum**) бар 10 ұнтаққа жазыңыз. 1 ұнтақтан күніне 3 рет белгілеңіз.

Rp.:	Papaverini hydrochloride 0,02 Phenobarbitali 0,01 Sacchari 0,3 M.f.pulvis D.t.d. N.10 S. 1 ұнтақтан күніне 3 рет
------	---





## Гранулалар – Granula

(Гранула-Nom.sing.Granulum,

Gen.sing.Granuli, Gen.pl.Granulorum)

**Гранулалар** – ішке қолдануға арналған, домалақ, цилиндр тәрізді немесе пішінсіз түрі бар бірыңғай бөлшек (дән) түріндегі қатты дәрілік түр. МФ Х талабына сәйкес гранулалардың өлшемі 0,2-3 мм аспауы тиіс.

**Гранулалар** – фармацевтикалық өндірістерде өндірілетін дәрілік түр. Өндірістерде қосымша зат ретінде қант, шарап қышқылы, натрий гидрокарбонаты, крахмал, глюкоза, тальк, қант сиропы, тағамдық бояғыштар және тағы басқа заттар пайдаланылады. Иісі мен дәмі ащы, тітіркендіргіш әсері бар дәрілік заттар көбінесе гранула түрінде шығарылады.

Гранулалар фармацевтикалық өндірістерде дайындалатындықтан, рецепте қысқартылған түрде ғана жазылады, яғни **дәрілік түрдің** одан соң **дәрілік заттың атауы** мен оның **мөлшері** көрсетіледі. Гранулалар – мөлшерге бөлінбеген дәрілік түр, сондықтан рецепте гранулань жалпы мөлшері (барлық қабылдауға) көрсетіледі. Гранулаларды көбінесе шай қасықпен мөлшерлейді. Кейбір гранулаларды қолданар алдында сумен ерітіп, сұйық дәрілік түр ретінде (шай немесе ас қасықтан) белгілейді.

### Рецепт үлгісі

100,0 натрий пара – аминсалицилаты (**Natrii para-aminosalicylas**) грануласына жазыңыз. 1 шай қасықтан күніне 3 рет тамақтан 1 сағаттан соң ішуге.

Rp.:	Granulorum Natrii para-aminosalicylatis 100,0 D.S. 1 шай қасықтан күніне 3 рет тамақтан 1 сағаттан соң
------	---

## Капсулалар – Capsulae

(Капсулалар –Nom.sing.Capsula, Gen.sing.Capsulis)

**Капсулалар** ішуге арналған мөлшерленген ұнтақ, паста тәрізді, түйіршіктелген немесе сұйық дәрілік түрлерден тұратын қабықша. Капсула түрінде жағымсыз дәмі мен иісі бар немесе тітіркендіргіш әсері бар дәрілік препараттарды шығарады. Капсулалардың желатинді немесе полимерден жасалынған түрлері бар. Желатинді капсулалар – Capsulae gelatinosae түрлері: **а) жұмсақ немесе эластикалық** – Capsulae gelatinosae molles s.elasticae; **б) қатты** –Capsulae gelatinosae durae; **в) қалпақшасымен** – Capsulae gelatinosae operculatae. Жұмсақ және қатты желатинді капсулалар құрамында 0,1-0,5 дәрілік заты бар шар, тұқым немесе пішіні сопақша тәріздес болып келеді. Асқазан сөлінің әсеріне тұрақты және ішекте еритін желатинді капсулаларды алу үшін формальдегид ерітіндісінің немесе оның спирттегі ерітіндісінің буымен өңдеу жолымен алады. Мұндай капсулаларды глютоидты (Capsulae glutoidales) деп атайды. Капсуладағы дәрілік заттарға рецепті жазғанда міндетті түрде «Желатинді капсулада (**in capsules gelatinosis**) босатыңыз» деп көрсетілуі қажет.

### Рецепт үлгісі

#### 1. Жай құрамды капсуланың жазылымы:

Құрамында 0,3 рифампицин (**Rifampicinum**) бар, 20 ұнтағын желатинді капсулада босатыңыз. Тамақтан 30 мин. Бұрын 1 капсуладан тәулігіне 2 рет белгілеңіз.

Rp.:	Rifampicini 0,3 D.t.d. N.20 in capsules gelatinosis S.Тамақтан 30 мин.бұрын 1 капсуладан күніне 2 рет
------	---

#### 2. Күрделі құрамды официнальды капсуланың жазылымы:

«Аевиттің» (“**Aevitum**”) 25 капсуласына жазыңыз. 1 капсуладан тәулігіне 3 рет белгілеңіз.

Rp.:	Capsulas “Aevitum” N.25 D.S. 1 капсуладан тәулігіне 3 рет белгілеңіз.
------	--

## 2. Жұмсақ дәрілік түрлер

Жұмсақ дәрілік түрлерге: жағылмалар, кремдер, пасталар, суппозиторийлер мен жапсырмалар жатады.

**Жағылма – Unguenta**

**(Жағылма-Nom.sing.Unguentum, Gen.sing.Unguenti)**

**Жағылма** – сыртқа қолданылатын, консистенциясы тұтқыр жұмсақ дәрілік түр. Жағылмаларды дәрілік зат (әсер етуші) пен негізді (түр беруші) араластыру арқылы алады. Жағылманың негізі ретінде вазелин, вазелин майы, шошқаның тазартылған майы, май тәрізді заттар, балауыз (ланолин, ара балауызы, спермацет) және синтетикалық заттар пайдаланылады. Әрине жағылмалар мөлшерге бөлінбеген дәрілік түр. Жағылмаларды жай және күрделі деп бөлеміз. Құрамы 2 ингредиенттен тұратын болса, оны күрделі жағылмалар деп атаймыз.

Қазіргі таңда жай және күрделі жағылмалар фармацевтикалық өндірістерде дайындалады. Мұндай жағылмалар **официнальды**, сондықтан дәрілік заттың құрамы мен концентрациясы көрсетілмей, жазылымның қысқартылған түрінде жазылады. Рецептте **дәрілік түрдің аты (Unguenti Gen.sing), дәрілік заттың аты** (ілік септігінде) оның **мөлшері** көрсетіледі.

**Рецепт үлгісі**

Официнальды цинк жағылмасының (**Unguentum Zinci**) 20,0 жазыңыз. Терінің зақымдалған аймағына жағу үшін.

Rp.:	Unguenti Zinci 20,0 D.S.Терінің зақымдалған аймағына жағу үшін.
------	--

Жазылымның толық түрінде әсер етуші барлық **ингредиенттердің** (дәрілік заттың) **аты**, жағылма **негізі** мен оның **мөлшері** көрсетіліп, рецепт **M.f unguentum (Misce ut fiat unguentum** –жағылма түзілгенше араластыр) және **D.S.** сөзі көрсетіледі.

## Жағылма – Unguenta

(Жағылма-Nom.sing.Unguentum, Gen.sing.Unguenti)

**Жағылма** – сыртқа қолданылатын, консистенциясы тұтқыр жұмсақ дәрілік түр. Жағылмаларды дәрілік зат (әсер етуші) пен негізді (түр беруші) араластыру арқылы алады. Жағылманың негізі ретінде вазелин, вазелин майы, шошқаның тазартылған майы, май тәрізді заттар, балауыз (ланолин, ара балауызы, спермацет) және синтетикалық заттар пайдаланылады. Әрине жағылмалар мөлшерге бөлінбеген дәрілік түр. Жағылмаларды жай және күрделі деп бөлеміз. Құрамы 2 ингредиенттен тұратын болса, оны күрделі жағылмалар деп атаймыз.

Қазіргі таңда жай және күрделі жағылмалар фармацевтикалық өндірістерде дайындалады. Мұндай жағылмалар **официнальды**, сондықтан дәрілік заттың құрамы мен концентрациясы көрсетілмей, жазылымның қысқартылған түрінде жазылады. Рецептте **дәрілік түрдің аты (Unguenti Gen.sing), дәрілік заттың аты** (ілік септігінде) оның **мөлшері** көрсетіледі.

### Рецепт үлгісі

Официнальды цинк жағылмасының (**Unguentum Zinci**) 20,0 жазыңыз. Терінің зақымдалған аймағына жағу үшін

Rp.:	Unguenti Zinci 20,0 D.S. Терінің зақымдалған аймағына жағу үшін.
------	---

Жазылымның толық түрінде әсер етуші барлық **ингредиенттердің** (дәрілік заттың) **аты**, жағылма **негізі** мен оның **мөлшері** көрсетіліп, рецепт **M.f unguentum (Misce ut fiat unguentum** –жағылма түзілгенше араластыр) және **D.S.** сөзі көрсетіледі.

### Рецепт үлгісі

1. Құрамында 20% сульфацил-натрий (**Sulfacylum-natrium**) бар, ланолин мен вазелиндегі (1:9) жағылманың 5,0 жазыңыз. Қабақ астына күніне 3 рет белгілеу үшін .

Rp.:	Sulfacyli – natrii 1,0 Lanolini 0,4 Vasellini ad 5,0 M.f. unguentum D.S. Қабақ астына күніне 3 рет
------	--

## Пасталар-Pastae

(Паста- Nom.sing.Pasta; Gen.sing.Pastae)

**Пасталар** – құрамында 25%-65% ұнтақ тәрізді заттары бар жағылмалардың бір түрі. Пасталар қою және тұтқыр болып келеді, жағылмаларға қарағанда тері бетінде ұзақ сақталынады. Егер құрамында ұнтақ тәрізді заттың мөлшері 25%-тен кем болса, онда индиферентті ұнтақтар, яғни толықтырғыштар мырыш оксиді (**Zinci oxydum**), крахмал (**Amylum**), тальк (**Talcum**) қосылады.

Пасталар мөлшерге бөлінбеген дәрілік түр. Сондықтан олардың жалпы мөлшері жазылады. Магистральды пасталар барлық **ингредиенттері** мен **мөлшері** көрсетіліп, жазылымның толық түрінде жазылады. **Рецепт M.f.pasta (Misce ut fiat pasta.** – Паста түзілгенше араластыр) сөзімен аяқталып, **сигнатурасы** көрсетіледі.

### Рецепт үлгісі

1. Құрамында 20% йодоформ (**Iodoformium**) бар вазелин (**Vaselinum**) пастасының 50,0 жазыңыз. Терінің зақымдалған жағу үшін белгілеңіз.

Rp.:	Iodoformii 10,0 Amyli Zinci oxydi āā 5,0 Vaselini ad 50,0 M.f.pasta D.S.Терінің зақымдалған жеріне жағу үшін.
------	--

Кейбір пасталар фармацевтикалық өндірістерде дайындалады. Бұл пасталар рецепте қысқартылған түрінде жазылады.

### Рецепт үлгісі

Официнальды цинк-салицил пастасының (**Pasta Zinci-salicylata**) 25,0 жазыңыз. Терінің зақымдалған жеріне жағу үшін белгілеңіз.

Rp.:	Pastae Zinci-salicylatae 25,0 D.S.Терінің зақымдалған жеріне жағу үшін.
------	--

## Балауыздар-Suppositoria

(Суппозиторий-Nom.sing.Suppositorium Acc.sing.

Suppositorium Acc.pl.Suppositoria)

**Балауыздар (Суппозиторийлер)** - бөлме температурасында қатты, дене температурасында балқитын қуыстарға енгізуге арналған мөлшерге бөлінген жұмсақ дәрілік түр.

Суппозиторийлер тік ішекке (ректальды) – **suppositoria rectalia**, қынапқа арналған (вагинальды) – **suppositoria vaginalia** және таяқшалар – **bacilli** деп ажыратылады. Тік ішекке арналған суппозиторийлер жергілікті және резорбтивті әсер етеді. Суппозиторийлердің ұшы үшкір, пішіні конус немесе цилиндр тәріздес, салмағы 1,1-4,0 дейін болады. Қынапты суппозиторийлер жергілікті әсер етіп, салмағы 1,5-6,0 дейін болады. Суппозиторийлердің пішіні шар тәріздес, тұқым тәріздес немесе ұшы дөңгелек тығыз болып келеді. Суппозиторийлердің негізі ретінде какао майы пайдалынады. Өндірісте суппозиторийлер дайындалатын негіз ретінде желатин-глицеринді және сабынды-глицеринді негіздер кеңінен пайдалынады. Қазіргі таңда суппозиторийлер фармацевтикалық өндірістерде дайын түрінде шығарылады. Фармацевтикалық өндірістерде шығарылатын суппозиторийлерге, басқа да официнальды дәрілік түрлер сияқты рецепте **дәрілік түрдің аты** атау септігінің жекеше түрінде (**Suppositorium Nom.sing.) cum** (менен) етістігінен соң, табыс септігінің жекеше түрінде **дәрілік заттың аты** (Abl.sing.) оның **мөлшері** жазылады. Жазылымда **D.t.d. N. ...** мен **сигнатурасы** көрсетіледі.

### Рецепт үлгісі

Құрамында 0,2 ихтиолы (**Ichtyolum**) бар 10 официнальды тік ішек суппозиторийіне жазыңыз. 1 суппозиторийден таңертең және түнге белгілеңіз.

Rp.:	Suppositorium cum Ichtyolo 0,2 D.t.d. N. 10 S. 1 суппозиторийден таңертең және түнде.
------	---

## **Жапсырмалар-Emplastra**

**(Жапсырма-Nom.sing. Emplastrum, Gen.sing.Emplastri)**

**Жапсырмалар** (пластыр – теріге тартатын жабысқақ таңғыш) – дене температурасында жұмсарып, теріге жабысу қасиеті бар жұқа қабатты майысқақ масса. Агрегаттық күйіне қарай қатты және сұйық жапсырмалар деп ажыратылады. Қатты жапсырмалар бөлме температурасында консистенциясы тығыз, ал дене температурасында жұмсарады. Сұйық жапсырмалар (тері желімі) теріде еріткіш буланғаннан соң пленка түзетін ұшқыш сұйықтықтар.

Медициналық тәжірибеде қолданылатын жапсырмалар фармацевтикалық өндірістерде дайындалады.

Жапсырмалар рецепте қысқартылған түрінде жазылады.

### **Рецепт үлгісі**

Жай қорғасын жапсырмасының (**Emplastrum Plumbi simplex**) 50,0 жазыңыз. Терінің зақымдалған жеріне жылытып, дәкемен қою үшін.

Rp.: Emplastri Plumbi simplicis 50,0

D.S. Терінің зақымдалған жеріне жылытып, дәкемен қою үшін.

## Сұйық дәрілік түрлер

Сұйық дәрілік түрлерге: ерітінділер, шырыштар, эмульсиялар, суспензиялар, тұнба мен қайнатпалар, тұндырмалар, сығындылар, микстуралар және линименттер жатады.

## Ерітінділер – Solutiones

(Ерітінді – Nom.sing. Solutio, Gen.sing.Solutionis)

**Ерітінді** деп қатты дәрілік затты еріту немесе сұйық дәрілік затты еріткішпен араластыру жолымен алынатын сұйық дәрілік түрді айтамыз. Ерітінді дәрілік зат пен еріткіштен тұрады. Еріткіш ретінде жиі дистилденген су (Aqua destillata), кейде 70%, 90%, 95% этил спирті (Spiritus aethylicus 70%, 90%, 95%), глицерин (Glycerinum) мен сұйық майлар: вазелин, зәйтүн, шабдалы (Oleum Vaselini, Oleum Olivarum, Oleum Persicorum) майлары пайдаланылады. Осыған сәйкес сулы, спиртті, глицеринді және майлы ерітінділер болып ажыратылады. Нағыз ерітінділер әр уақытта мөлдір, әрі майда бөлшектер мен тұнбалардан тазартылған, мөлдір болуы тиіс. Ерітінділер сыртқы тәнге және ішу үшін, сонымен қатар егу (инъекцияға) үшін де қолданылады.

## Сыртқы тәнге арналған ерітінділер

Сыртқы тәнге арналған ерітінділерге шаюға, жууға арналған ерітінділер көз, құлақ, және мұрын тамшылары жатады. Тамшыларды 5-10 мл түрінде, ал басқа мақсатта қолданылатын ерітінділер 50-100 мл түрінде дайындайды.

Ерітінділер рецепте қысқартылған және толық түрінде жазылады. Өндіріс жағдайында немесе дәріхана жағдайында еріткіш ретінде сулы, майлы және спиртті ерітінді қолданылып, рецепте қысқартылған түрі қолданылады.

Сулы ерітінділерге рецепт жазуда **Rp.:** (Ал:) белгілеуінен соң **дәрілік түрдің атауын** ілік септігінің жекеше түрінде – **Solutionis** (ерітіндісінен), **дәрілік заттың атауы** (ілік септігінің жекеше түрінде, бас әріппен қысқартылусыз), ерітіндінің **концентрациясы** мен (сызықша арқылы) **мөлшері** (миллилитр немесе грамда) жазылады. Соңынан **D.S.** (Босат. Белгіле.) көрсетіледі.

Ерітіндінің концентрациясын қысқартылған жазылымда үш әдіспен белгілеуге болады:

- 1.Пайыз бойынша (%);
2. Қатынасы бойынша (1:1500);
3. Салмақ-көлемдік қатынасы түрінде (0,6-200мл);



## Рецепт үлгісі

0,02% фурацилиннің (Furacilinum) сулы ерітіндісінің 500мл жазыңыз.

Жараны жуу үшін белгілеңіз.

Пайызбен көрсетілген ерітіндінің концентрациясы

Rp.:	Solutionis Furacilini 0,02%-500ml D.S. Жараны жуу үшін
------	---

Салмақ-көлемдік қатынасы түрінде ерітіндінің концентрациясы

Rp.:	<i>Solutionis Furacilini 0,02%-500ml</i> D.S. Жараны жуу үшін
------	--

Майлы немесе спиртті ерітінділерге рецепт жазуда **дәрілік түрдің атауы** (Solutionis), ілік септігінде **дәрілік заттың атынан** соң **oleosae** (майлы) немесе **spirituosae** (спиртті) деп көрсетіліп, **концентрациясы** мен ерітіндінің **мөлшері** көрсетіледі. Соңынан **D.S.** көрсетіледі.

## Ішуге арналған ерітінділер

Ішуге арналған ерітінділерді 5-15 мл мөлшерінде (мөлшерленген стаканмен немесе шай, орта, ас қасықпен) сондай-ақ тамшы түрінде белгілеп, қолданар алдында су немесе сүтпен (майлы ерітінділер) араластырып тағайындайды.

1 шай қасықта 5мл, 1 орта қасығында – 10мл, ал 1 ас қасықта 15 мл сулы ерітінді болады. 1 мл сулы ерітінді 20 тамшыға тең.

Ерітіндіге рецепт жазғанда дәрілік заттың жалпы мөлшерін немесе концентрациясын, ерітіндінің жалпы көлемін және мөлшерлеу (қасық, тамшы және т.б.) әдісін білу керек.

**Рецепт жазу үшін**

- 1) Ерітіндінің концентрациясын
- 2) Ерітіндінің жалпы мөлшерлерін анықтау қажет

## Рецепт үлгісі

1. Бір реттік мөлшері 1,0 кальций хлоридінің (Calcii chloridum) ерітіндісін 12 рет ішуге жазыңыз. Ас қасықпен (15 мл) 4 күн бойына күніне 3 рет ішу үшін белгілеңіз.

## Жазылымның қысқартылған түрі:

Rp.:	Solutionis Calcii chloride 12.0-180ml Da. Signa. Ас қасықпен күніне 3 рет.
------	---

## Жазылымның толық түрі:

Есептеу:  $1,0 \times 12,0 = 12,0$

$15 \text{ ml} \times 12 = 180 \text{ ml}$

Rp.:	Solutionis Calcii chloride 12.0 Aquaе destillatae ad 180 ml Misce. Da. Signa. 1 ас қасықтан күніне 4 рет
------	--

## Шырыштар – Mucilagines

(Шырыш – Nom. sing. Mucilago, Gen.sing Mucilaginis)

**Шырыштар** – жабысқақ әсері бар, тұтқыр сұйықтық болып табылатын жоғарғы молекулалық қосылысты ерітінділерге жатады.

Шырыштар өсімдік текті кілегейлі заттарды еріту жолымен (мысалы, шайырлар) немесе өсімдік шикізаттарынан (зығыр тұқымының шырышы, жалбызтікен тамырынан алынған шырыш) кілегейлі заттарды тұндыру тәсілімен алынатын сұйық дәрілік түр. Көбінесе шабдалы шайырының шырышы (Mucilago Gummi Armeniacaе), аравий шайыры (Mucilago Gummi arabici), жалбызтікен тамырының шырышы (Mucilago radіcis Althaeae) және крахмал шырышы (Mucilago Amyli) қолданылады.

Барлық шырыштар официналъд, сондықтан жазылымда **шырыш атауы** мен оның **мөлшері** көрсетіледі.

### Рецепт үлгісі

Құрамы 1,5 хлоралгидраттан (**Chloralum hydratum**) және 50 мл крахмал шырышы (**Mucilago Amyli**) мен судан бірдей мөлшеріндегі микстураға жазыңыз. Бір реттік клизмаға белгілеңіз.

Rp.:	Chlorali hydrate 1,5 Mucilaginіs Amyli Aquaе destіllatae āā 25 ml M.D.S. Бір реттік клизма үшін.
------	---

Шырыштар тітіркендіргіш әсер ететін дәрілік заттармен бірге бырыстырғыш дәрілік зат ретінде қолданылады. Шырыштармен бірге спиртті препараттарды, қышқылдар мен сілтілерді белгілеуге болмайды, себебі олар шырыштың тұтқырлығын өзгертуі мүмкін.

## Суспензиялар – Suspensiones

(Суспензия – Nom.sing. **Suspensio**, Gen.sing.**Suspensionis**)

**Суспензиялар** – ұсақ майдаланған қатты дәрілік заттардың қандай да бір сұйықтықтағы қалқымалы жағдайда болатын сұйық дәрілік түр.

Суспензиялар дисперсті ортадан (су, өсімдік майы, глицерин және т.б.) және дисперсті фазадан (берілген сұйықтықта мүлдем ерімейтін, қатты дәрілік заттың бөлшектері) тұратын дисперсті жүйе.

Суспензиялар ішке, сыртқы тәнге немесе бұлшық етке белгіленеді.

Суспензияның дисперсті ортасы су болған жағдайда рецепт қысқартылған түрде жазылады. Жазылымның қысқартылған түрі дәрілік түрдің атауы – **Suspensionis** (суспензия) сөзімен басталып, әрі қарай **дәрілік заттың атауы**, суспензияның **мөлшері**, қолдану тәсілі мен жиілігі, сонымен қатар **«Қолданар алдында шайқаңыз!»** деп көрсетілуі тиіс.

### Рецепт үлгісі

10 мл 0,5% гидрокортизон ацетаты (**Hydrocortisoni acetatis**) бар суспензияға жазыңыз. 2 тамшыдан күніне 4 рет көзге тамызу үшін белгілеңіз. Қолданар алдында шайқаңыз.

Rp.:	Suspensionis Hydrocortisoni acetatis 0,5%-10 ml D.S. 2 тамшыдан күніне 4 рет көзге тамызуға Қолданар алдында шайқаңыз.
------	---

Кейбір сыртқы тәнге және ішуге арналған суспензиялар официнальды, яғни фармацевтикалық өндірістерде дайын күйінде шығарылады. Мұндай суспензиялар тек қысқартылған түрде жазылады, суспензияның концентрациясы (әртүрлі концентрацияда шығарылған суспензиялардан басқалар) көрсетілмейді.

### Рецепт үлгісі

100 мл гризеофульвин (**Griseofulvinum**) суспензиясына жазыңыз. 1 орта қасықтан күніне 3 рет белгілеңіз. Қолданар алдында шайқаңыз.

Rp.:	Suspensionis Griseofulvini 100 ml D.S.1 орта қасықтан күніне 3 рет. Қолданар алдында шайқаңыз.
------	---

## Ішуге арналған эмульсиялар

### Emulsa ad usum internum

#### (Эмульсия-Nom.sing.Emulsum, Gen.sing.Emulsi)

**Эмульсиялар** – бір –бірінде ерімейтін сұйықтықтардан тұратын (май мен су) сұйық дәрілік түр.

Эмульсияның сырт көрінісі сүт тәрізді болады. Эмульсияны дайындау әдісіне байланысты майлы (Emulsa oleosa) және тұқымды (Emulsa seminalia) деп ажыратылады. Майлы эмульсиялар сұйық майлардан:

**майсана** (Oleum Ricini), **бадам** (Oleum Amygdalarum) және **балық майынан** (Oleum jecoris) және т.б.

дайындалады. Май мен судан эмульсия түзілу үшін, майда тамшы пайда болғанша майдан эмульсия түзу қажет. Осы мақсатта майды арнайы зат – эмульгатормен араластырады. Эмульгатор ретінде шайырлар; мысалы, шабдалы шайыры (Gummi Armeniacaе), сонымен қоса желатоза (Gelatosа) қолданылады.

Эмульсия түзу үшін 2 бөлік май, 1 бөлік эмульгатор және 17 бөлік су алу қажет. Егер рецепте майдың мөлшері көрсетілмесе, онда 10 бөлік майдан 100 бөлік эмульсия қажет болса, 20 мл май, 10,0 желатоза және 170 мл су алу қажет. Майлы ерітінділер жазылымның қысқартылған және толық түрінде жазылады.

Жазылымның қысқартылған түрінде рецепте дәрілік түрден **Emulsi** (Эмульсиялар) сөзінен соң **майдың аты, мөлшері** (сызықша арқылы) және эмульсияның **жалпы көлемі** көрсетіледі.

Жазылымның толық түрінде майдың, эмульгатор мен судың мөлшерлері бөлек-бөлек жазылады. Одан соң **M.f. emulsum** (Misce ut fiat emulsum – Эмульсия түзілгенше араластыр.) деп көрсетіледі. **D.S.** сөзімен латын бөлімі аяқталады.

#### Рецепт үлгісі

30 мл балық майынан (Oleum jecoris) тұратын 200 мл эмульсияға жазыңыз. Ас қасықпен күніне 2 рет ішуге.

#### Жазылымның қысқартылған түрі

Rp.: Emulsi olei jecoris 30 ml-200 ml

D.S.Ас қасықпен күніне 2 рет ішуге

#### Жазылымның толық түрі

Rp.: Olei jecoris 30 ml

Gelatosae 15,0

Aquae destillatae ad 200 ml

M.f. emulsum

D.S.Ас қасықпен күніне 2 рет ішуге

**Тұнбалар мен қайнатпалар – infusa et Decocta**

**(Тұнба-Nom.sing.infusum, Gen.sing.infusi;**

**Қайнатпа-Nom.sing.Decoctum, Gen.sing.Decocti)**

**Тұнбалар мен қайнатпалар –** дәрілік өсімдік шикізатынан алынатын сулы сығынды болып табылатын сұйық дәрілік түр.

**Тұнбалар** өсімдіктердің жұмсақ жер бетіндегі бөліктерінен **жапырағы, гүлі, шөбінен** дайындалады.

**Қайнатпаларды** әдетте қатты тығыз өсімдік бөліктерінен: **қабықшадан, тамыры мен тамырсабағынан,** кейде **жапырақтарынан** (мысалы, аюжидек жапырағы) дайындайды.

Тұнбалар мен қайнатпалар дәріхана жағдайында науқасқа босатар алдында дайындалады. Тез бұзылуына байланысты салқын жерде сақталып, 3-4 күн ішуге ғана дайындалады. Тұнба мен қайнатпа рецепте тек қысқартылған түрінде жазылады.

Жазылымда дәрілік түрдің атауы ілік септігінің жекеше түрінде **Infusi** (Тұнба), **Decocti** (қайнатпа) деп көрсетіп, дәрі дайындалатын **өсімдік атауы** (бас әріппен), өсімдік шикізатының **мөлшері** және тұнба мен қайнатпаның **жалпы мөлшеріне** қатынасы сызықша арқылы жазылады. Соңынан **D.S.** (Бер. Белгіле.) көрсетіледі.

Сигнатурасында тұнба немесе қайнатпаның бір рет қолданылатын мөлшері, қолдану әдісі және жиілігі көрсетіледі.

**Рецепт үлгісі**

0,6 термopsis шөбі (**herba Thermopsisidis**) тұнбасының 180 мл жазыңыз. 1 ас қасықтан күніне 3 рет белгілеңіз.

Rp.: Infusi herbae Thermopsisidis 0,6-180 ml

D.S. 1 ас қасықтан күніне 3 рет.

МФ-да қатынас түріндегі тұнба мен қайнатпалардың концентрациясының тізімі көрсетілген.

**Рецепт үлгісі**

1:30 жалынгүл шөбінің (**herba Adonidis Vernalis**) тұнбасын 3 күнге жазыңыз. 1 ас қасықтан күніне 4 рет белгілеңіз.

Есептеу:

1 ас қасық = 15 мл

1-30 мл

15 мл x 4 рет = 60 мл

x – 180 мл

60 мл x 3 күн = 180 мл

x=180/30 = 6,0

Rp.: Infusi herbae Adonidis vernalis 6,0 – 180 ml

D.S. 1 ас қасықтан күніне 4 рет.

Кейде рецепте дәрілік шикізаттың мөлшері көрсетілмеуі мүмкін. Ондай жағдайда 1:10 қатынасы бойынша есептейді.

## Тұндырмалар – Tincterae

(Тұндырма - **Nom. sing. Tinctura, Gen. sing. Tincturae**)

**Тұндырмалар** - әртүрлі өсімдіктерді спиртте тұндыру арқылы алынатын мөлдір сұйықтықтар. Барлық тұндырмалар (барлығы фармацевтикалық өндірістерде дайындалады) официнальды, тұнбалар мен қайнатпаларға қарағанда тұрақты дәрілік түр болып табылады. Тұндырмалар тығындалып жабылған шыны ыдыста, қалыпты бөлме температурасында қараңғы жерде ұзақ сақталынады.

Тұндырмалар официнальды болғандықтан, рецепте өсімдік бөлігі мен тұндырманың концентрациясы көрсетілмейді. Рецепте дәрілік түрдің атауы **Tincturae** (Тұндырмалар), одан соң **өсімдіктің атауы** мен тұндырманың **мөлшері** көрсетіледі. Тұндырмаларды тамшымен мөлшерлейді, тұндырманың белсенділігіне қарай тамшы

## Тапсырма №1

- 20 таблетка құрамында 0,015 викасолы (Vicasolum) бар. 1 таблеткіден күніне 2 рет ішу үшін.
  - Ұнтақ құрамында 20 мырыш тотығы (Zinci oxydum), 20,0 тальн (Talcum) және 10,0 крахмалы (Amylum) бар. Сыртқа себелеп қолдану үшін.
  - Аминазиннің (Aminazinum) 30 домалағы 0,1-нан 1 домалақтан күніне 2 рет тамақтан кейін ішу үшін.
  - 10 таблеткі құрамында 0,25-нан аналгині және амидопирині бар. 1 таблеткіден күніне 2 рет ішу үшін.
  - "Цитрамон"-12 таблеткісі 1 таблеткіден бас ауырғанда ішу үшін.
  - 20 күрделі мөлшерленген ұнтақ құрамында 0,05 аскорбин қышқылы (Acidum ascorbonicum) 0,002 рибофловині (Riboflavinum) және 0,2 глюкозасы (Glucosum) бар. 1 ұнтақтан күніне 3 рет ішу үшін.
  - 50,0 натрий гидрокарбонаты (Natrii hydrocarbonas) 1 шай қасық ұнтақты 1 стакан суға ерітіп тамақты шайқау үшін.
  - Магний тотығының (Magnesii oxydum) 10 ұнтағы 0,5-нан 1 ұнтақтан тамақтан 1 сағат кейін ішу үшін.
  - Энтеросептолдың (Enteroseptolum) 20 таблеткісі 0,25-нан 1 таблетден күніне 3 рет ішу үшін.
  - 50 домалақ құрамында 0,002-нан тиамин бромиді (Thiamin bromidum) бар. 1 доамлақтан күніне 2 рет ішу үшін.
- ## 2
- Желатин қабығындағы 20 ұнтақ құрамында 0,3 рифампицині (Rifampicinum) бар. 1 қабықтан күніне 3 рет тамақтан 30 мин бұрын ішуге берілсін.
  - Норсульфазолдың (Norsulfazolum) 20 таблеткісі 0,5-нан 2 таблеткіден күніне 4 рет ішу үшін.
  - "Папазол" – дың (Parasolum) 20 таблеткісі 1 таблеткіден күніне 3 рет ішу үшін.
  - Пропазиннің (Propfzinum) 20 домалағы 0,05-нан 1 домалақтан күніне 3 рет ішу үшін.
  - 10 таблеткі құрамында 0,025-нан эфидрин гидрохлориді (Ephedrin hydrochloridum) және димедролы (Dimedrolum) бар. 1 таблеткіден таңертең және кешке ішу үшін.
  - Нафтомонның (Naphtomonum) 5,0 ұнтағы ішке қолдану үшін 50 мл шекерлі суға ерітіп, ертіндісін тамақтан бұрын ішу үшін.
  - 10 ұнтақ құрамында 0,5-нан рауғаш тамыры (Radix Rhei) 1 ұнтақтан күніне 1 мезгіл қабылдау үшін.
  - 20,0 стрептомицидтің (Streptocidum) өте ұсақ ұнтағы жараға себелеп қолдану үшін.
  - Құрамында 20 % дерматол және 30 % мырыш тотығы бар өте ұсақ ұнтақ жазып, зақымдалған жерге себелеп қолдануға берілсін
  - 20 таблеткіден күніне 3 рет тамаққа дейін ішу үшін,



## **Тапсырма №2**

### **Тәжірибелік жұмыс жасау.**

#### **Таблетканың қолдануға жарамдығын тексеру.**

Стаканға 50 мл жылы су (36-38градус С) құйып, оған бір таблетка анальгин салу керек. Одан кейін жаймен шайқап, 15 минут таблетканың ыдырауын, еруін бақылау керек. Болған соң таблетканың жарамдылығына қорытынды жасап, дәптерлеріңе жазыңдар.

## **№ 3 Тапсырма**

Графдиктант жазу.

1. Ертінділерге құрамына кіретіндер -
2. Өсімдіктердің жұмсақ бөлшектерінен алынады -
3. Өсімдіктердің қатты бөлшектерінен алынады -
4. Сығындылар болады -
5. Тұнбаны ішке қолдануға береді -
6. Эмульсия дегеніміз -
7. Суспензия дегеніміз -
8. Майдың құрамына кіреді -
9. Балауыздардың негізі ретінде алынады -
10. Сұйық май -

Жауабы:

1. Дәрілік зат және еріткіш зат -
2. Тұндырма
3. Қайнатпа
4. Құрғақ, сұйық, қою
5. Тамшы түрінде
6. Бір-бірінде нашар еритін немесе тіптен ерімейтін, 2-сұйық заттардан құралған, 2 фазалық система
7. Қатты дәрілердің ұсақ бөлшектерінің сұйық заттағы қоспасы
8. Дәрілік зат және май негізі
9. Какао майы
10. Линимент

## № 4 Тапсырма

### Рецепт жаз

1. Термопсис (Thermopsis) шөбінің тұндырмасы 0,6 -200 мл. 4 мл Нашатыр-анис тамшысы (liquor Ammonii anisatus). 1 ас қасықпен күніге 3 рет ішу үшін.
2. Элеутерококтың (Eleutherococcus) сұйық сығындысы 25 мл. 25 тамшыдан күніге 3 рет тамақтан 1 сағат бұрын ішу керек.
3. Шалфей (Salvia) жапырағының тұндырмасы 15,0-200 мл. Күніге 3 рет тамақты шаю үшін.
4. 10мл -30% сульфацил-натрий (Natrii sulficili) ертіндісі 2 тамшыдан күніне 4 рет көзге тамызу үшін.
5. 10мл-1% ментолдың (Mentholum) майдағы ертіндісі 3 тамшыдан күніне 2 рет мұрынға тамызу үшін.
6. Толокнянка (Uva (ae) ursi) жапырағының қайнатпасы 10,0-200 мл. 2 ас қасықпен 2 рет ішу үшін.
7. 10мл -3% бор қышқылының (acidum borici) спирттегі ертіндісі 3 тамшыдан түнге қарай құлаққа тамызу үшін.
8. 10мл -0,5% гидрокортизон суспензиясы (Hydrocortisoni acetat) 2 тамшыдан күніге рет көзге тамызу үшін.
9. 10 мл белладон (Belladonna) тұнбасы. 10 тамшыдан күніге 2 рет ішу үшін.
10. 10 гр-0,25% оксалин (Oxolinum) майы. Күніге 2 рет мұрынның шырышты қабығына жағу үшін.
11. 10 қынапқа қолданатын балауыз құрамында 0,25 левомецетині бар. (Zaevomycetinum). Түнге қарай қынапқа қолдану үшін.
12. 10 тік ішекке қолданатын балауыз құрамында 0,3 дерматолы (Dermatolum) бар. Түнге қарай 1 балауыздан тік ішекке қолдану үшін.